

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**«БЕКІТЕМІН»
СҚБЖ вице-президенті
_____Аманиязова Г.Д.
«12» қаңтар 2022 ж.**



UNION ЕРЕЖЕСІ

Ақтау 2022

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	3
2	Мақсаты мен міндеттері	3
3	Union студенттік парламентке байланысты сайлау өткізудің негізгі принциптері	4
4	Парламенттің құрылу тәртібі және құрылымы	4
5	Функционалдық міндеттері	5
6	Парламенттің жұмысын ұйымдастыру	6
7	Қорытынды ережелер	6

1. Жалпы ережелер

1.1. Жалпы осы ережелер «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ заңнамасына сүйенеді.

1.2. Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің (бұдан әрі Есенов университеті) Студенттік парламенті (бұдан әрі Union) Есенов университетінің студенттік өзін-өзі басқарудың алқалы, өкілді және үйлестіруші органы болып табылады.

1.3. Union білім алушылардың университетті басқаруға қатысу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету, студенттердің тіршілік әрекетінің маңызды мәселелерін шешу, олардың әлеуметтік белсенділігін дамыту, әлеуметтік бастамаларды қолдау және іске асыру мақсатында Есенов университетінің бастамасы бойынша құрылады.

1.4. Union өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Есенов университетінің жергілікті нормативтік актілерін, сондай-ақ «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңнамасын, Есенов университетінің Этикалық кодексін, Әлеуметтік қолдау көрсету және жастарды дамыту басқармасының ережелері мен бұйрықтарын және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. Union қызметінің мақсаты азаматтық мәдениетті, білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру, олардың әлеуметтік жетілуін, дербестігін, өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі дамыту қабілетін дамытуға жәрдемдесу, білім алушылардың университетті басқаруға қатысу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету, білім алушылардың бойында бірлесіп басқару дағдылары мен біліктерін қалыптастыру, оларды қоғам өміріне белсенді қатысуға дайындау болып табылады.

2.2. Union-ның міндеттері:

1) Белсенді азаматтық ұстанымы бар жоғары білікті мамандарды даярлауға байланысты мәселелерді шешуге қатысу;

2) Есенов университетінде білім беру процесінің сапасын арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) Есенов университетінің студенттік бірлескен басқару органдарына, Есенов университетінің студенттік бірлестіктеріне оқушылардың бос уақытын және тұрмысын ұйымдастыру, отбасы құндылықтарын және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша міндеттерді шешуде көмек көрсету;

4) Студенттердің санасын арттыруға, мемлекет, қала, Есенов университетінің дәстүрлеріне патриоттық қатынасты арттыруға бағытталған жұмысты ұйымдастыруда басшылыққа жәрдемдесу;

5) Есенов университеті студенттері мен басқа да ЖОО арасындағы өзара байланысты нығайту;

6) Медиа-кеңістікте, Есенов университетінің қызметін көрсететін ақпараттық ағындарды тиімді ұйымдастыруға жәрдемдесу;

7) Есенов университеті студенттерінің қоғамдық маңызды бастамаларын іске асыруға жәрдемдесу.

3. Union студенттік парламентке байланысты сайлау өткізудің негізгі принциптері

3.1. Есенов университетінің Union студенттік парламентінің сайлауы келесі принциптер бойынша өтеді:

- ашықтық;
- креативтілік;
- ықыласты;

- еріктілік;
- жариялылық;
- тең құқылық.

4. Union-ның құрылу тәртібі, сайлау және құрылымы

4.1. Union отырысы Есенов университетінің бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

4.2. Президенттікке Есенов университетінің күндізгі оқу бөлімінің 1-3 курс студенттерінің сайлануға құқығы бар.

4.3. Президенттікке үміткер студенттің командасы болуы және оның саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.

4.4. Union президенттігіне сайланған президент, өзінің командасын Union құрамында қалдыруға құқығы бар.

4.5. Union-ның қалған құрамын президент тәлімгерлермен ақылдасу арқылы тағайындайды.

4.6. Қандай да бір артықшылықтарға немесе сайлау құқықтарын шектелуіне жол берілмеуі тиіс.

4.7. Union мүшелерінің барлығы бір дәрежеде болады және қандайда бір артықшылықтарға жол берілмеуі тиіс.

4.8. Президент сайлау жанамасы жасырын дауыс беру арқылы өтеді (қажет болған жағдайда онлайн режимде жасырын дауыс беру арқылы өтеді).

4.9. Есенов университетінің студенттері мен аға-оқытушы професорлық құрамы және қызметкерлері бір дауысқа ие болады.

4.10. Union құрылымы:

- 1) Union-ның жалпы мүшелерінің құрамы 19 адамнан тұрады;
- 2) Union Президентінің өкілеттігі жаңадан сайланған Union Президенті қызметіне кіріскен кезден басталады;
- 3) Union президент, вице-президенттерден, факультеттік студенттік декандар, координаторлардан, маркетинг (SMM-менеджер, оператор, монтажшы) және хатшыдан тұрады;
- 4) Union президенті 1 жылдық мерзімге сайланады;
- 5) Union жұмысына президент басшылық етеді.

4.13. Union мәселелерді шешу үшін бірыңғай және жалғыз алаң болып табылады, оған қатысушылар мынадай мәселелерді қарауға құқылы:

- 1) Union туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды тұжырымдау;
- 2) Union-нің жауапты лауазымды адамдарының есебін тыңдау және бекіту;
- 3) Қызметтің басым бағыттарын анықтау;
- 4) Union-нің жұмыс жоспарын бекіту;
- 5) Мәселелерді қарауға қайта құрылымдау және тарату.

5. Функционалдық міндеттері

5.1. Union президентінің функционалдық міндеттері:

- 1) Union студенттік жоғарғы кеңесі атынан әрекет етеді, Есенов университетінің барлық құрылымдарында Union-ды білдіреді;
- 2) Есенов университетінің қызметкерлері мен құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылда Есенов университеті студенттерінің мүдделерін қорғайды;
- 3) Union хатшысы мен Union мүшелерінің қызметін үйлестіреді;
- 4) Есенов университетінің алқалы басқару органының мүшесі бола отырып, шешімдер қабылдау процесіне қатысады;
- 5) Union-нің жұмыс жоспарын бекітеді, Union-нің шешімдері мен қаулыларына қол қояды, Union хатшысы мен Union мүшелеріне тапсырмалар береді;

6) Әрбір оқу жылының мерзімі аяқталғаннан кейін Union мен Есенов университетінің әкімшілігі өкілдерінің алдында және «Әлеуметтік қолдау көрсету және жастарды дамыту» басқармасының және «Студенттік істер жөніндегі және қоғаммен байланыс» вице-президент алдында атқарылған жұмыс туралы есеп береді;

7) Өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты.

5.2. Union атқарушы вице-президентінің функционалдық міндеттері:

1) Union президентінен кейінгі екінші тұлға, орынбасары;

2) Оның құзыретіне жатқызылған бюджеттердің орындалуы бойынша бюджеттік есеп құру және бюджеттік есеп беру;

3) Union мүшелері арасындағы байланыс пен қарым-қатынас орнату;

4) Union жұмыстарын ұйымдастыру;

5) Union президенті белгілі бір себептермен болмаған жағдайда басшылықты өз қолына алады;

6) Бірыңғай позиция негізінде университет басшылығы мен студенттер байланысын жүзеге асыру;

7) Union президентіне есеп береді.

5.3. Union хатшысының функционалдық міндеттері

1) Union президентінің жұмысын және Union мүшелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

2) Union мүшелерінің келісілген жұмысын ұйымдастырады;

3) Union құжаттарын жүргізуге және оның мүшелерінің деректер базасын қалыптастыруға жауап береді;

4) Өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты.

5.4. Академиялық жұмыс жөніндегі вице-президентінің функционалдық міндеттері

1) Семинарлар; дөңгелек үстелдер; зияткерлік, интеллектуалдық сайыстарды ұйымдастыру;

2) Union мүшесіндегі студенттердің оқу үлгерімін қадағалау және қажет болған жағдайда қызметінен шеттете тұру немесе босату;

3) Union президентіне, вице-президентіне есеп береді;

4) Өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты.

5.5. Студенттік істер және қоғаммен байланыс жөніндегі вице-президентінің функционалдық міндеттері

1) Қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

2) Студенттердің тәрбиесін қадағалау;

3) Студенттердің шығармашылық жан-жақты дамуы;

4) Есенов университетіндегі спорттың дамуына, спорттық іс-шаралардың, жарыстардың ұйымдастырылуына жауапты;

5) Есенов университетінде спортты насихаттау;

6) Union президентіне есеп береді;

7) Өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты.

5.6. Зерттеу және даму жөніндегі вице президентінің функционалдық міндеттері

1) Негізгі міндеттері білім, ғылым және ғылыми-техникалық қызметтер, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) Өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты.

3) Union президентіне есеп береді.

5.7. Координаторлардың функционалдық міндеттері

1) Есенов университетіндегі студенттермен, клуб жетекшілерімен, белсенділердің төрағалармен (төрайымдармен) байланыста болады;

2) Union қоғаммен байланысты жақсартуға және дамуына жауапты;

3) Команданы қалыптастыруға қатысу және оның күнделікті қызметін үйлестіру;

4) Жұмыстардың барысы мен аралық нәтижелері туралы қысқаша есептер және олардың тиімділігін арттыруға қатысты ұсыныстар жасау;

- 5) Union президентіне, вице-президентіне есеп береді;
- 6) Өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты.

5.8. Студенттік декандардың функционалдық міндеттері

- 1) Факультеттің оқу-тәрбие жұмысының жоспарын құруға және орындалуын ұйымдастыруға қатысу;
- 2) Факультетте әртүрлі сабақтан тыс тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;
- 3) Факультет студенттерін жалпы университет іс-шараларына қатысуға тарту.
- 4) Union президентіне, вице-президентіне есеп береді
- 5) Өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты
- 6) Студенттік декандар факультеттері бойынша Ф УЕ 111-01-2022 сәйкес жоспарларын қыркүйек айының соңғы аптасына дейін тапсыруы тиіс.
- 7) Студенттік декандар өз факультеттері бойынша Ф УЕ 111-02-2022 сәйкес ақпаратты қазан айының бірінші аптасына дейін Union президентіне тапсыруы тиіс.
- 8) Студенттік декандар өз факультеттері бойынша орындалған жұмыстары бойынша Ф УЕ 111-03-2022 сәйкес есебін мамыр айының 30 дейін тапсыруы тиіс.

5.9. SMM-менеджерінің функционалдық міндеттері

- 1) Union әлеуметтік парақшаларына және маркетинг саласының дамуына жауапты;
- 2) SMM-менеджерінің құрамына камерашы және монтаждаушы кіреді;
- 3) Union президентіне, вице-президентіне есеп береді;
- 4) Өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты.

6. Union жұмысын ұйымдастыру

6.1. Union өкілеттігінен шығатын мәселелерді шешу үшін жылына 4 рет мәжіліс өткізіледі, оған Union мүшелері жиналады;

6.2. Әлеуметтік қолдау көрсету және жастарды дамыту басқармасының бастауымен жиналыс өткізіледі;

6.3. Union отырыстарында президент немесе ол болмаған жағдайда вице-президент төрағалық етеді;

6.4. Union шешімдері, егер оның жұмысына Union мүшелерінің жалпы санының 50% - дан астамы қатысса, заңды;

6.5. Отырыстың қорытындысы бойынша Union хатшысы отырыстың хаттамасын жасайды,

6.6. Хатшы мен Union президенті қол қояды;

6.7. Union жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін, сапалы жүргізу мақсатында оқу жылының басында жоспарын бекітуі тиіс.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Ереже алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Әлеуметтік қолдау көрсеті және жастарды
дамыту басқармасының басшысы**

М. Бағдатұлы